

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 289 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 688 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 289 қаулысымен бекітілген "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты меморандумының 3-тармағына сәйкес құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты меморандумы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 289 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 12, 159-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты туралы меморандумда:

4-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"шикізатты өндіру мен өңдеу орнына дейін тасымалдауды қоспағанда, тау-кен өндіру өнеркәсібінің шикізатынан жасалған құрылыс материалдарын өндіру (уату, ұсату, айыру, байыту және басқалары), - 13-бөлімнен, 14.13-сыныптан, 14.3, 14.4-топтардан 14.50.5, 14.50.6-кіші сыныптардан басқа, СВ кіші секциясы;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК